

Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті.
Кафедра: «Фтизиатрия»

Тақырыбы: «Туберкулезді спецификалық алдын алу.»

Тексерген:

Орындаған Сейтнесипова Г.Е

Сангылбаева Ш.Н

Темиралиева С.К

Қарағанды – 2011ж

ЖОСПАР

1. Спецификалық алдын алу.
2. БЦЖ вакцинасын қолдану тәсілі және дозасы.
3. Балаларға, жасөспірімдерге және ересектерге ревакцинация жасаудың кері көрсеткіштері.
4. Ревакцинация
5. БЦЖ вакцинасының асқынулары

БЦЖ вакцинасының асқынулары

Әдетте БЦЖ вакцинасының асқынулары препаратты енгізу техникасы бұзылғанда бпйқалады. Асқынулар деп теріастылық суық абцесстің пайда болуын айтамыз, диаметрі 10мм немесе оданда улкен жараның болуын, аймақтық лимфадиниттер түйіндерінің 1,5 см ге дейін жетуін және одан да жоғары болуын, диаметрі 10мм және одан да жоғары келоидты тыртықтардың пайда болуын айтады. БЦЖ вакцинасынан асқынулар пайда болған жағдайда балалар, жасөспірімдер, ересектер тексерістен өту және емделу үшін туберкулезге қарсы күрес жүргізетін диспансерге жлодама алады, диспансерде асқынуға жедел түрде хабар қағазды толтырады.

Спецификалық алдын алу

Дүние жүзі елдерінде туберкулездің спецификалық алдын алу БЦЖ мен вакцинация және ревакцинация жасау болып табылады. БЦЖ ның вакцинді штаммын 1919ж • француз ғалымдары А.L.Ch.Calmette және С.Guerin тапқан және солардың аттарымен аталған. 1923 ж Ұлттық Лиганың Гигиеналық комитеті дүние жүзінің барлық елдерінде туберкулезге қарсы егуді кеңінен қолдану туралы қаулы қабылдаған.

- БЦЖ вакцинасы- қалдықты вируленттілігі бар, бірақ өзінің иммуногенді қасиетін сақтаған тірі микобактериялар болып табылады. Бірінші иммунизация кезінде БЦЖ вакцинасының әсерінен иммунитеттің Т- и В жүйесі мобилизацияланады. Егуден кейін 2 апта ішінде БЦЖ штамм L-түрге айналып, осы түрде ағзада ұзақ уақыт сақталады, туберкулезге қарсы жасанды иммунитеті ұстап тұрады.

Вакцинация

Вакцинация жасау үшін БЦЖ штаммын қолданады, ол залалсыз, спецификалық аллергия және иммунитет тудыру қасиеттері бар, қалдықты вируленттілігі сақталған, вакцина жасалған, организмнің лимфа түйіндерінде біраз өсіп өнеді. Туберкулездің алдын алуға БЦЖ ның құрғақ вакцинасын қолданады, өйткені құрғақ вакцина біршама тұрақты, онда ұзақ уақыт бойы ТМБның керекті көлемін сақтауға болады.

БЦЖ вакцинасы

Ақ ұнтақ түріндегі масса, ол вакуумды ампулаға салынған. 1 ампула 1 мг БЦЖ вакцинасын құрайды. Вакцина температурасы +8 С аспайтын тоңазытқышта сақтайды. Қолданар алдында БЦЖ вакцинасын 2 мл изотониялық натрий хлориді ертіндісімен ерітеді. Ампуладағы ертінді вакцинаға қосылып беріледі.

БЦЖ вакцинасын қолдану әдісі және мөлшерлеу:

- БЦЖ вакцинасы сол жақ иық бетінің жоғарғы және орта бөлігінің үштен бір шегінде, қатан түрде тері ішіне, шет елдерден алынған вакцина 0,05 мл 1 жасқа дейінгі нәрестелерде, 0,1мл 1жастан асқан балаларға салынады. Ал Ресей вакцинасы балалардың жасына қарамастан 0,1 мл мөлшерінде салынады.
- Бірінші рет вакцинация жаңа туған дені сау нәрестелерге және шала туған нәрестелерге сармағы 1,5кг болғанда өмірінің алғашқы 4 күндері жасалады.

БЦЖ вакцинасы дозасы

БЦЖ вакцинасы 0,05мг дозасын 0,1
ерітінді түрінде тері ішіне жібереміз

Нәрестелерге БЦЖ вакцинасын жасаудың кері көрсеткіштері іріңді септикалық аурулар, іштегі нәрестеге инфекцияның жұғуы , нәрестелердің гемолитикалық аурулары , жедел аурулар, неврологиялық белгілері бар, босану кезінде алынған жарақаттар, отбасында басқа балаларда анықталған БЦЖ ның жайылған инфекциясы, шала туылған балалардың салмағы 2000 г кем болған жағдайлар.

БЦЖ М вакцинасы

Кейінгі жылдары медициналық көрсеткіштері бойынша вакцинация жасауға тыйым салынып, жаңа туған нәрестелердің санының көбеюіне байланысты, БЦЖ М вакцинасы қолдануға ұсынылған, оның антигенді қуаты екі есе азайтылған. Салмағы 2000г және одан жоғары шала туған нәрестелерге перзентханаларда шала туған нәрестелерді күту бөлімшесінің емдеу стационарындағы, салмағы 2300г және одан жоғары нәрестелерге стационардан үйіне шығарылар алдында; медициналық көрсеткіштер бойынша әйелдер босанатын үйде вакцинация жасалмағандарға жазылған соң 1-6 айдан кейін балалар емханасында БЦЖ М вакцинасы егіледі. Жасы 2 айға толған және одан үлкен балаларға әуелі 2 ТБ мен ППД Л Манту сынамасын жасайды.

Ревакцинация

Вакцинация жасалынған балаларда иммунитет 5-7жыл сақталады. Осы мерзім өткен соң қайта егу қажет. БЦЖ ревакцинациясы немесе туберкулезге қарсы қайта егу, белгілі мерзімде, 2ТБ мен ППД Л Манту сынаамасы теріс нәтиже көрсеткенде жүргізіледі. Бірінші ревакцинация 6-7жаста, екіншісі 11-12жаста, үшінші 16-17жаста жасалады.

Балаларға, жасөспірімдерге және ересектерге ревакцинация жасаудың кері көрсеткіштері:

- ТМБ ның жұққандығы, немесе бұрын туберкулезбен ауырған адамдар.
- 2 ТБ мен ППД Л Манту сынамасына оң немесе күмәнді реакция.
- ~~БЦЖ ның бұрынғы егілуінде пайда болған асқынулар~~
 - Жедел аурулар, сауығу кезеңін қоса есептегенде.
 - Созылмалы аурулар, өршу кезеңі және декомпенсация
 - Аллергиялық аурулар өршу кезеңі.
 - Қанның қатерлі аурулары, қатерлі ісік.
- Иммунды тапшылық жағдайы, иммунды депрессанттармен емделу.
 - Жүктілік

Асқынулар

- Тері асты суық абсеці;
- Беткейлік жара;
- Перифериялық лимфа бездердің лимфадениті;
- Келлоидты тыртықтар;
- Остит;

Вакцинадан кейінгі иммунитеттің ұзақтылығы, тұрақтылығы иммуноморфологиялық өзгерістердің сипатымен, егілген организмде БЦЖ вакцинасының өсіп өну уақытымен анықталады. БЦЖ штаммы организмде өсіп өніп, туберкулезге қарсы иммунитеттің дамуын күшейтеді. Еккеннен соң 2 аптадан кейін БЦЖ Л түріне ауыса бастайды. ТМБ ның БЦЖ штаммы осы күйінде организмде ұзақ уақыт сақталып, туберкулезге қарсы иммунитетті қолдайды.

Туберкулезге қарсы БЦЖ вакцинасының тиімділігін, вакцина жасалмағандармен салыстырғанда вакцина, ревакцинация жасалған балалардың, жасөспірімдердің және ересек адамдардың, туберкулезге шалдығуы, өлім көрсеткіштері едәуір төмен болатындығы дәлелдейді.

БЦЖ вакцинасы жасалған балаларға бақылауды жалпы емдеу жүйесінің дәрігерлері, мейірбекелері жүргізеді. Олар вакцинация жасалғаннан кейін 1-3 және 12 айдан соң жергілікті егу реакциясын тексерулері керек. Оның көлемін құжаттарға тіркеулері өажет.

Туберкулезге қарсы күрес жүргізетін диспансер санэпид қадағалау және емхана мекемелерімен бірлесіп жылдық егу жоспарын жасайды. Жоспарда жыл сайын өмірге келетін сәбилер саны, вакцинация, ревакцинация жасалуға жататын жасөспірімдер мен ересек адамдардың жалпы саны ескеріледі.

*Назар аударып,
тыңдағандарыңызға
Рахмет!!!*